

«№7 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП» КММ

2020 жылдың 20-тамыз бен 20 –қыркүйек аралығында «Қауіпсіз мектеп» республикалық акциясының өтілуі туралы

А Қ П А Р А Т

Республика көлемінде карантин кезіндегі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету барысында, мектеп оқушыларының арасында құқықбұзушылықтың алдын алу және қауіпсіздік шараларын жетілдіру мақсатында, 1-11 сынып ата-аналарына балалар қауіпсіздігі туралы презентация арқылы түсіндірме жұмыстары жүргізді. Кезекші 1-сынып жетекшілері «Мен мектепке барамын» көшеде, жолда жүру қауіпсіздігі, үйде, сол сияқты бейтаныс адамдармен араласпау қауіпсіздік туралы таным сабағын өткізді. Жолда жүру қауіпсіздігі бойынша жүргізушілерге «Балалар өмірін сақтаңыз» атты паракшалар таратылды.

Мектеп фойесінде «Қауіпсіз балалық шақ» ақпараттық стенді орналастырылған. Стендте ЖЖЕ-нің ескертулері, алғашқы көмек көрсету мектепте, үйде, өзін ұстау ережелері қарастырылған.

Информатика пәні мұғалімдері ғаламшар желісінде тыйым салынған ақпараттарға және сайттарды пайдаланбау мақсатында мектеп компьютерлеріне сабақтарда интернет желісінде жұмыс мұғалімнің бақылауымен жүреді. Сонымен бірге мобильдік телефонның, компьютердің адам ағзасына келтіретін зияны, қоғамда телефон мен компьютер пайдалану мәдениеті туралы ақпараттар берілді.

Мектепте оқушылардың қауіпсіздігін қадағалау барысында 16 бейнебақылау орнатылған. Оқушылардың мектепке келу-кету бағыттарында мектеп медбикесі Н.Альменова балалардың бетпердесі мен дене қызуын тексеріп отыру қамтамасыз етілген.

Мектеп оқушыларының беймезгіл уақытта жүру қауіпсіздігін қадағалау, әлеуметтік жағдайлары төмен, жайсыз отбасын анықтау мақсатында мектеп инспекторымен сынып жетекшілері бірлескен рейд жұмыстары жүрді.

Мектеп директорының м.а:

А.Т.Атедилова



Орындаған: ДТЖО Жекенова А.Ж.

